



**«М.ТЫНЫШПАЕВ атындағы АЛТ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ның
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ**

"М. Тынышпаев атындағы Алт Университеті" АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі:

- дербес, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз;
- директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Корпоративтік этика және еңбек тәртібі кодексін, университеттің академиялық адалдық қағидаларын сақтау жөніндегі жұмысты үйлестіретін және бақылайтын орган болып табылады.

Комплаенс-офицер өз қызметінде келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру;
- құқық бұзушылық, жарғы ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, қызметкерлер мен ПОҚ Ар-намыс кодексін, білім алушылардың академиялық адалдық кодексін бұзу фактілері бойынша Университет қызметкерлерінің, білім алушылардың өтініштерін қарау;
- университет қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, сондай-ақ ішкі нормативтік-құқықтық актілердің, білім алушылардың академиялық адалдық кодексінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;
- университет қызметкерлерінің, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу, Университеттің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысының бұзылуының алдын алу бойынша тәртіптік істерін қарауға қатысу.

ПП РК от 4.02.2020г. №32

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын қызмет.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру-адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі.
- Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру жолымен іске асырылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе әрекеттер (әрекетсіздік) үшін көрсетілетін қызметтерді қабылдау немесе лауазымдық жағдайына байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алады;
- 5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және оларды иелену, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау.

Должностные лица осуществляющие свои должностные обязанности, если имеется **конфликт интересов**, должны принимать меры по предотвращению и разрешению конфликта интересов:

- в письменной форме уведомить непосредственного руководителя либо руководство организации, в которой они работают, о возникшем конфликте интересов или о возможности его возникновения, как только им станет об этом известно.

- непосредственный руководитель либо руководство организации по обращениям лиц или при получении информации из других источников обязаны своевременно принимать следующие меры по предотвращению и урегулированию конфликта интересов:

- 1) отстранить лиц, от исполнения должностных обязанностей и поручить другому лицу исполнение должностных обязанностей по вопросу, в связи с которым возник или может возникнуть конфликт интересов;

- 2) изменить должностные обязанности;

- 3) принять иные меры по устранению конфликта интересов.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жұртшылықтың қатысуы

Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде мынадай шараларды қолданады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларға белгілі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы хабарлайды;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басқа субъектілерімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- 5) мемлекеттік органдардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратады және алады;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерттеулер, оның ішінде ғылыми және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізеді;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама

1. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам бұл туралы жоғары тұрған басшыны және (немесе) мемлекеттік органның не қызметкері болып табылатын ұйымның басшылығын және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.
2. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарлама бойынша шаралар қабылдауға міндетті.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді. (Осы тармақтың ережелері заңға сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға қолданылмайды).
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін сыйақы құқық бұзушылықтың ауырлығына және параның немесе залалдың мөлшеріне байланысты болады:

Пара немесе залал
сомасы

3,9 млн. теңге

14,8 млн. теңге

Сыйақы көлемі

390 мың. теңге

1,48 млн. теңге (10%)

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелердің, шарттардың, актілердің және әрекеттердің жарамсыздығы

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелерді, шарттарды сот уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде актілерді қабылдау және іс-әрекеттер жасау тиісті актілердің күшін жоюға (қолданылуын тоқтатуға) уәкілеттік берілген адамдардың оларды жоюы (жарамсыз деп тануы) үшін не мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот тәртібімен негіз болып табылады.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**